**Сатып алу кезінде қаптаманы шешіп, газдық пісіру панелінің (ары қарай мәтін бойынша – аспап) зақымдалмағандығына, жинақталғандығына, және сауда ұйымының кепілдікті міндеттемелерінде «Сату туралы куәлік» пен кепілдікті талондардың дұрыс толтырылғандығына көз жеткізіңіз.**

## **1 бөлім. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар**

- Пісіру панелін сәтті және қауіпсіз пайдалану үшін осы пайдалану бойынша нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
- Осы аспап физикалық, жүйкелік немесе психологиялық ауытқулары немесе тәжірибе және білімдер жетіспеушілігі бар адамдармен, соның ішінде балалармен пайдалану үшін арналмаған. Осындай тұлғалар бақылау астында болатын немесе олардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлғамен оларға осы аспапты пайдалануға қатысты нұсқамалық берілетін жағдайларды қоспағанда.
- Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында оларды қадағалау керек.
- Қолданылатын газ түріне сәйкес пісіру панелін орнату және баптау осы ресми рұқсатқа ие маманмен ғана жүргізілу керек.
- Пісіру панелін құрастыру алдында барлық өлшемдердің сәйкестігін тексеріңіз.
- Пісіру панелін баптау кезінде осы елде қабылданған техникалық нұсқауларды сақтау керек.
- Пісіру панелін тиісті желдету деңгейі қамтамасыз етілетін жерде орнату керек. (тұрғын үйлерде газдық аспаптарды құрастыру бойынша жалпы қағидалар).
- Пісіру панелі қатты азынақтар әсеріне ұшырамау керек, себебі олар конфоркалар алауын үрлеп сөндіруі мүмкін.
- Пісіру панелі өндіруші-зауыттан типтік тақтайшада көрсетілген баптаулармен шығарылады. Егер оларды ауыстыру қажет болса, сервис қызметіне жүгініңіз.
- Өзіңіз пісіру панелін бөлшектеуге тырыспаңыз. Қажет кезде сервис қызметіне жүгініңіз.
- Кейінгі иеленушіге пісіру панелімен бірге құжатты табыстау қажет болған кезде, осы пайдалану бойынша нұсқаулықты / орнату бойынша нұсқауды сақтаңыз.
- Зақымдалған пісіру панелін пайдаланбаңыз.
- Бетті пайдаланған кезде пісіру панелдері қызады. Абай болыңыз! Балаларды



жұмыс жасап тұрған аспапқа жақындатпаңыз.

- Пісіру панелін орынжайды жылыту үшін емес, тек ас әзірлеу үшін пайдаланыңыз.
- Қатты қызған кезде майлар тұтанады. Сондықтан май қолданумен ас әзірлеу (мысалы, фри картобы) үздіксіз бақылау астында жүргізілуі керек.
- Ешқашан жанып тұрған майға су құймаңыз. **Күйікке шалыну қаупі!** Отты сөндіру үшін кәстрөлді немесе табаны қақпақпен жабыңыз, және пісіру панелін сөндіріңіз.
- Сынған жағдайда пісіру панелін электр желісінен және газбен жабдықтау желісінен сөндіріңіз. Жөндеу үшін сервис қызметіне жүгініңіз.
- Конфоркаларға түбі тегіс емес ыдыстарды қоймаңыз, ол кездейсоқ аударылу мүмкін.
- Егер газдық кран сыналанбаса, оны ашу үшін күш қолданбаңыз. Мамандармен оны жөндеу немесе ауыстыру үшін кідірместен сервис қызметіне жүгініңіз.
- Пісіру панелін пайдалану кезінде азынақтарға және салқын сұйықтықтардың төгілуіне жол бермеңіз, олар шыны беттерде жарықтардың пайда болуын тудыруы мүмкін.
- Сұйылтылған газға арналған плитаны орнату кезінде газдық құбырсауытты орналастыру және пайдалану Ресей Федерациясындағы өртке қарсы режим ережелеріне сәйкес жүзеге асырылу керек.
- Электрлік жабдықтары бар плита үлгілері электр тоғына ұшырауға қарсы I қорғаныс санаты бойынша орындалған және жерге тұйықталған розеткаға жалғану керек.
- Осы нұсқаудағы суреттемелер бағдарлау үшін арналған.
- Егер осы нұсқаулықтар сақталмаса, туындаған ақаулықтар және келтірілген залал үшін жауапкершілік аспап өндірушісіне емес, пайдаланушыға жүктеледі.


## 2 бөлім. Сипаттама

### Үлгілер:

1T2 M523 X  
 1T2 C523 X1  
 1T2 C524 B\*  
 1T2 M524 X\*  
 1T2 C523 B  
 1T2 C524 X1\*

2T2 C4308 W  
 2T2 C4308 B  
 1T2 BGC521 27 BI  
 1T2 BGC521 28 BI


1T2 M307 X  
 1T2 M308 X\*  
 1T2 C308 B\*



### Үлгілер:


1T3 M307 X  
 1T3 M308 X\*  
 1T3 C308 B\*

3T M303 X  
 3T M304 X\*



B – қара түс, X – тот баспайтын болат,  
 X1 – тот баспайтын болаттан жасалған бастырмалар.

\* «Газ-бақылау» құрылғысы бар үлгілер.



10. Кіші алау оттығы (А).
11. Орташа алау оттығы (SR).
12. Үлкен алау оттығы (R).
13. Үш алау сақинасы бар оттық (WOK).
14. Тұтату электроды (тек кейбір үлгілерде).
15. «Газ-бақылау» құрылғысы (тек кейбір үлгілерде).

Қауіпсіздік құрылғысы болып табылады: егер алау кездейсоқ сөнсе (төгілулер, азынақтар және т.б.) оттыққа газдың берілуін тоқтатады).

16. Газдық кран тұтқалары.

### 3 бөлім. Пайдалану

Кранның әр тұтқасы үшін басқару панелінде тұтқа жайғасымының көрсеткіші және осы тұтқаның қандай оттықты басқаратындығын көрсететін таңбалама бар.

#### Газдық оттықтар

Оттықтар өлшемі және қуаты бойынша ерекшеленеді. Қолданылатын ыдыс диаметрі үшін барынша жарамды оттықты таңдаңыз.


1 кестеде көрсетілген жайғасымдардың бірін пайдаланып, оттық алауын кранның сәйкес тұтқасы көмегімен реттеуге болады:


1 кесте

Символ	Сипаттама
	«Сөнд» жайғасымы / Газдың берілуі жоқ
	Тұтату жайғасымы / «Максимум» – газдың максималды берілуі
	«Минимум» – газдың минималды берілуі

**Оттықты қосу үшін** оған от көзін (мысалы, шақпақ, сіріңке және т.б.) жақындатыңыз, таңдалған оттыққа сәйкес келетін кран тұтқасын тірелгенше басыңыз, және оны сағат тіліне қарсы «Максимум» жайғасымына бұраңыз. Кейін қалаулы алау шамасын орнатыңыз. Ең кіші ықтимал алауды алу үшін тұтқаны сағат тіліне қарсы «Минимум» жайғасымына бұраңыз.

**Жылу сезгіш элементтер бар үлгілерде** тұтқаны басылған күйде шамамен 6 секунд ұстаңыз; бұл жылу сезгіш элементтің қызуы үшін қажет. Өзге жағдайда газдың берілуі тоқтатылады.

**Тұтату электродтары бар үлгілерде** алдымен  символымен белгіленген тұтату батырмасын басу керек және кейін сәйкес тұтқаны басып, сағат тіліне қарсы «Максимум» жайғасымына бұрау керек.

**Кейбір үлгілер** қранды бұраған кезде іске қосылатын **автоматты тұтатумен жабдықталған**. Осы жағдайда тұтату батырмасы жоқ,  символы «Максимум» көрсеткіші жанында көрсетілген. Оттықты тұтату үшін, қранның сәйкес тұтқасын тірелгенше басыңыз, кейін оны оттық жанғанға дейін басылған күйде ұстап тұрып, сағат тіліне қарсы «Максимум» жайғасымына бұраңыз.

**Оттықты сөндіру үшін**, қранның сәйкес тұтқасын сағат тілі бойынша тірелгенше бұраңыз (ол «Сөнд» жайғасымына оралу керек).

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Егер оттық кездейсоқ сөнсе, кран тұтқасы көмегімен газды сөндіріңіз және 1 минуттан кейін оттықты тұтатып көріңіз.

## 4 бөлім. Аспапқа күтім жасау

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Аспапқа техникалық қызмет көрсетуді немесе тазартуды жүргізу алдында оны электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз.

**Пісіру панелінің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін аспапқа тұрақты күтім жасау керек. Күтім ретінде келесі түсіндіріледі:**

- Эмальданған элементтерді және шыны беттерді жуу үшін, егер олар болса, осы беттерді зақымдай алатын абразивті ұнтақтарды немесе құрамында қышқыл бар заттарды қолданусыз жылы суды пайдаланыңыз.
- Оттықтардың алмалы бөліктерін сабынмен жылы сумен жуу керек, осы кезде қатқан дақтардың жойылуына айрықша назар аудару керек.
- Автоматты тұтандырылатын пісіру панельдерінде тұтату электродтарын таза күйде ұстау керек. Оларды тазарту үшін кішігірім шөткені пайдаланыңыз, осы кезде электродтарға ешқандай күштер түсірмеңіз. Оттық саңылауларының дақтармен бітелмегендігін қадағалаңыз.
- Егер осы элементтер ұзақ уақыт бойы әктас құрамы үлкен сумен немесе агрессивті жуу құралдарымен (құрамында фосфор бар) қатынасқа түссе, тот баспайтын болаттан жасалған беттерде дақтар пайда болуы мүмкін. Осы беттерді сумен мұқият жуу және кейін жақсы кептіру ұсынылады. Осындай әдіс те кез келген төгілулердің дақтарын тазарту үшін жоғары деңгейде жарамды.
- Шыны беттерді мардымсыз ластанудардан тазарту үшін тек қатты ысқышты және сабынды, және тек аспап салқындатылғаннан кейін пайдаланыңыз. Тазартудан кейін дымқыл шүберекпен сүртіп, кептіріңіз.
- Металл жөкелерді, қатты шөткелерді, тұмшаштерге арналған спрейлер және дақ кетіргіштер сияқты абразивті тазарту құралдарын және химиялық агрессивті тазартқыштарды пайдаланбаңыз (1 сур.).



1 сур. Абразивті тазарту құралдары шыны үшін қолданбауы тиіс

### Газдық крандарды майлау

Уақыт өте газдық крандардың сыналануы немесе сояуыштың қиын бұралуы пайда болуы мүмкін. Егер осындай жағдай орын алса, демек кранның ішкі бөлігін тазартып, майлау керек.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Осы операция авторландырылған сервис орталығының маманымен орындалуы керек.

## 5 бөлім. Практикалық кеңестер

### Оттықтарды пайдалану бойынша кеңестер

Барынша тиімді пайдалану үшін келесі ұсыныстарды орындаңыз.

- Әр оттық үшін сәйкес ыдысты пайдаланыңыз (2 кесте). Алау ыдыстың бүйірлік қабырғаларына жанаспау керек.
- Әрқашан түбі жалпақ ыдыстарды пайдаланыңыз. Ыдыстарды қақпақпен жабыңыз.
- Сұйықтық қайнаған кезде, тұтқаны «Минимум» жайғасымына бұрап, алауды азайтыңыз.

2 кесте

Оттық	Ыдыс түбінің диаметрі, см
Кіші алау оттығы (A)	10 - 14
Орташа алау оттығы (SR)	16 - 20
Үлкен алау оттығы (R)	16 - 20
Үш алау сақинасы бар оттық (WOK)	24 - 26

Оттық түрін анықтау үшін «Сипаттама» бөліміндегі суреттерге жүгініңіз.

## 6 бөлім. Ақаулықтарды жою бойынша кеңестер

Пісіру панелі жұмыс жасамауы немесе дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін. Сервис қызметіне көмекке жүгіну алдында сізге ақаулықтарды өздігінен жоюға талпынуды ұсынамыз. Ең алдымен газбен және электр қуатымен жабдықтау жүйелерінде олқылықтардың жоқ екендігін және, атап айтсақ, газдық құбырдан газ жеткізетін кранның ашық екендігін тексеріңіз.

### **Оттық жанбайды, немесе оттықтағы алау біркелкі емес.**

*Тексеріп, келесілерге көз жеткізіңіз:*

- Оттық саңылауларының бітелмегендігіне.
- Оттықтың барлық бөлшектерінің дұрыс орнатылғандығына.
- Пісіру панеліне азынақтың бағытталмағандығына.

### **Жылу сезгіш элементтермен жабдықталған үлгіде алау жанбайды.**

*Тексеріп, келесілерге көз жеткізіңіз:*

- Сіздің тұтқаға тірелгенше басқандығыңызға.
- Жылу сезгіш элементтің оттық алауында қызуы үшін сіздің тұтқаны басылған күйде жеткілікті шамада ұзақ ұстап тұрғандығыңызға.
- Жылу сезгіш элементке қарама-қарсы орналасқан оттық саңылауларының бітелмегендігіне.

### **Кран тұтқасын «Минимум» жайғасымына бұраған кезде оттық жанбайды.**

*Тексеріп, келесілерге көз жеткізіңіз:*

- Оттық саңылауларының бітелмегендігіне.
- Пісіру панеліне азынақтың бағытталмағандығына.
- Алау «Минимум» жайғасымында дұрыс реттелген («7 бөлім. Орнату», «Кіші алау бұрамасын реттеу» тармағын қар.).

### **Пісіру панеліндегі ыдыстар орнықты орналаспайды.**

*Тексеріп, келесілерге көз жеткізіңіз:*

- Ыдыс түбінің жалпақ екендігіне.
- Ыдыстың оттық үстінде дұрыс орнатылғандығына.
- Пісіру панелі торының дұрыс орнатылғандығына.

Егер, барлық осы тексерістерге қарамастан, пісіру панелі тиісінше жұмыс жасамаса, және мәселе жойылмаса, жақын маңдағы сервис орталығына жүгініңіз.

Ешқашан өндірушімен авторландырылмаған мамандар қызметтеріне жүгінбеңіз. және түпнұсқалық болып табылмайтын қосалқы бөлшектерді қабылдаудан бас тартыңыз.

## 7 бөлім. Техникалық сипаттамалар

3 кесте

Параметрлер	Үлгілер		
	2 оттықпен	3 оттықпен	4 оттықпен
Сыртқы өлшемдері, мм	290x500*x100	450x510x100	580x500x100
Орнатуға арналған терезелер өлшемдері, мм	270(A)x480	430 (A)x480	560(A)x480
Кірістіру тереңдігі, мм	42		
Салмағы, кг, аспайды	7,0	10,0	13,5
Электрлік желі кернеуі, В	230		
Қорғаныс санаты	I		
Максималды тұтынылатын қуат, Вт	2,1		
Газ құбырының жалғастырғыш бұрандасы	G1/2"		
Жылу сезгіш элементтері бар қрандарды іске қосу уақыты, сек, аспайды	10		
Жылу сезгіш элементтері бар қрандар үшін алау сөндірілген сәттен бастап газдың жеткізілуін сөндіру уақыты, сек, аспайды	90		

\* Шыңдалған шыныдан жасалған пісіру беті бар және металл бастырмалары бар үлгілер үшін 520 мм.



## 8 бөлім. Жинақтамалылық

4 кесте

Р/б №	Құрамдас бөліктер атауы	Саны, дана
1	Тұрмыстық газдық пісіру панелі	1
2	Тор (жинақ)	1
3	Пайдалану бойынша нұсқаулық	1
4	Кепілдікті міндеттемелер	1
5	Қаптама	1
6	Тығыздағыш материал	1
7	Бекіткіш қапсырма	4
8	Бұрама	4
9	Сұйылтылған газға аударуға арналған шүмектер жинағы	1
10	Бұрыштық келтеқосқыш	1
11	Газдық сүзгі*	1
12	Төсеме**	1

\* «Газ-бақылау» құрылғысы бар үлгілер үшін

\*\* «Газ-бақылау» құрылғысы бар үлгілер үшін

## 9 бөлім. Орнату

Аспапты орнату, баптау және басқа газ түріне қайта жабдықтау бойынша барлық жұмыстар жергілікті газбен жабдықтау компаниясының соңғы нұсқауларына және нормативтеріне сәйкес сервис қызметінің білікті қызметкерлерімен орындалу керек.

**МАҢЫЗДЫ!** Кез келген жұмыстарды жүргізу алдында пісіру панелінің газбен және энергиямен жабдықталуын сөндіру керек.


### Пісіру панелін орналастыру

**МАҢЫЗДЫ:** Аспапты тиісті желдету деңгейі қамтамасыз етілетін жерде орнату керек. Газдың жануының өнімдері орынжай шектерінен тыс шығарылу керек.


5. Орынжайда түтінді және газдың жануының өнімдерін сыртқы шығаратын желдету жүйесі қарастырылу керек.

Мұны соратын шатыр немесе электрлік желдеткіш көмегімен жасау керек, ол сору жүйесі жұмыс жасаған кезде автоматты түрде қосылады және желдеткіш саңылауға жалғанған.

6. Орынжайда газдың тиісінше жануы үшін қажетті ауа ағыны қарастырылу керек. Жану үшін ауаның шығындалуы 1 кВт орнатылған қуатқа шаққанда кем дегенде 2 м<sup>3</sup>/сағ болу керек. Ауаның берілуі ішкі көлденең қимасы кем дегенде 100 см<sup>2</sup> болатын арна арқылы сырттан келетін тікелей ағын арқылы жүзеге асырылады. Қауіпсіздік құрылғыларымен (жылу сезгіш элементтер) жабдықталмаған аспап үшін екі есе үлкен желдету саңылауын, яғни қимасы кем дегенде 200 см<sup>2</sup> болатын саңылауды қамтамасыз ету керек (2 сур.).



2 сур. Желдету саңылауы құрылысының мысалы



3 сур. Іргелес орынжай арқылы желдету құрылысы

Егер іргелес орынжайлар ортақ қолданылатын аймақтар, жатын бөлмелер болып табылмаса және өрттің туындауына қауіп төндірмесе, пісіру панелі орнатылған орынжайды, жоғарыда сипатталғандай, желдету арналарымен жабдықталған іргелес орынжайлар арқылы сырттан тікелей желдетуге

рұқсат етіледі (3 сур.).


7. Аспапты белсенді және ұзақ пайдаланған кезде, қосымша желдету, мысалы, ашық терезе немесе ауа енгізу жүйесі қуатының арттырылуы (болған кезде) қажет болуы мүмкін.

8. Сұйылтылған газ ауадан ауырлау және осы себептен төменде таралады. Сұйылтылған газ бар құбырсауыттар орнатылған орынжайларда жылыстау жағдайында газдың ағуын қамтамасыз етуге арналған желдету саңылаулары қарастырылу керек. Сондықтан бос немесе ішінара толтырылған сұйылтылған газ бар құбырсауыттарды жер деңгейінен төмен орналасқан орынжайларда (жертөлелер және т.б.) орнатуға немесе сақтауға болмайды. Тек қазіргі уақытта қолданылатын құбырсауытты ғана ұстау ұсынылады, оны, құбырсауыт температурасы 50°C жоғары көтерілмейтіндей, жылу көздерінен (пештер, каминдер, тұмшاپеш шкафтары және т.б.) қашық орналастыру керек.

### Пісіру панельдерін орнату


Өртке қарсы қорғаныс дәрежесі бойынша плита «Х» типті аспаптарға жатқызылады. Бұл асүй үстелінің бүйірлік қабырғалары және кіріктірілген аспап арасында біршама бос кеңістік қалуы тиіс екендігін білдіреді. Пісіру панелін дұрыс орнату үшін келесі сақтық шараларын сақтау керек:

1. Пісіру панелі асүйде, асханада, қонақүйде немесе жатын бөлмеде орналастырылуы мүмкін, бірақ ваннада немесе душ бөлмесінде орналастыруға болмайды.
2. Жұмыс бетінен жоғары аспап жанында тұратын жиһаз пісіру панелінің жиегінен кем дегенде 150 мм қашықтығында орналасуы керек.
3. Сору жүйесі жанында орналасатын аспалы шкафтар аспап бетінен кем дегенде 420 мм биіктігінде орналасуы керек (4 сур.).



4 сур. Аспап бетінен аспалы шкафтарға дейінгі қашықтық


4. Егер аспап тікелей шкаф астында орнатылса, олардың арасындағы қашықтық кем дегенде 700 мм болу керек (5 сур.).



5 сур. Аспап орнатуға арналған орынды дайындау (A өлшемі, 3 кест. қар.)

5. Пісіру панелін орнату үшін 5 сур. сәйкес айналасында бос кеңістікті қамтамасыз ету керек.

6. Жеткізілім жинағына аспапты қалыңдығы 20 бастап 40 мм дейін болатын болатын үстел тақтайына орнатуға мүмкіндік беретін бекініс қапсырмалары кіреді (6 сур.). Бекіту үшін барлық жеткізілетін бекіту элементтерін пайдалану ұсынылады.




Үстел тақтайының қалыңдығы 20 мм

Үстел тақтайының қалыңдығы 30 мм

Үстел тақтайының қалыңдығы 40 мм

6 сур. Үстел тақтайының қалыңдығына байланысты бекініс қапсырмаларының жайғасымы


7. Егер пісіру панелі астында тұшпашеш орнатылмаса, пісіру панелінің төменгі жағына қол жетімділікті жабу үшін біз Сізге аспап астында аралық орнатуды ұсынамыз. Осы оқшаулағыш аралық пісіру панелінің негізінен кем дегенде 20 мм қашықтығында орналасу керек (7 сур.). Техникалық қызмет көрсетуді қажет ететін буындарға қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін аралық жеңіл шешілу керек.




7 сур. Аралық жайғасымы

8. Пісіру панеліне арналған тығыздағышқа жағылған желім аспапта іздер қалдыруы мүмкін. Біз алғаш пайдалану алдында абразивті емес жуу құралдары көмегімен пісіру панелін тазартуды ұсынамыз. Бірінші бірнеше сағат пайдалану барсында сіз резеңке иісін сезіне аласыз. Ол қысқа уақыттан кейін жоғалады.

9. **МАҢЫЗДЫ:** Пісіру панелін кіріктірілген тұшпашеш үстінде орнатқан кезде тұшпашеш түпқоймаға – мысалы, шарыққа немесе сөреге орнатылу керек. Осы жағдайда шкафтың ішкі кеңістігінің жеткілікті желдетілуін қамтамасыз ету үшін түпқойманың артқы бөлігінде өлшемдері кем дегенде 45×560 мм болатын бос кеңістік қалдыру керек (8 сур.). Осы мақсатта ауаның кіруі және шығуы үшін саңылаулар қарастыру керек (9 сур.).



8 сур. Тұшпашеш астына арналған түпқойма нұсқалары



9 сур. Шкафтың желдету жүйесінің құрылысы

### **Газбен жабдықтау жүйесіне жалғау**

Аспапты газбен жабдықтау жүйесіне жалғау бойынша жұмыстар сервис қызметінің білікті қызметкерлерімен орындалу керек. Жалғану жүргізілетін құбырда кейін жалғау немесе аспапқа қызмет көрсету қолайлылығы үшін бекітілген типті газдық кран болу керек. Аспапты газ құбырына немесе сұйылтылған газ бар құбырсауытқа жалғау бекітілген ережелерге сәйкес және тек газ жеткізу қысымының аспап үшін ұсынылатын шамаға сәйкестігін тексергеннен кейін орындалу керек. Егер газ жеткізу қысымы ұсынылатын шамадан өзгеше болса, «Әр түрлі газ түрлеріне бейімдеу» бөлімінде көрсетілген нұсқауларды сақтаңыз. Сұйылтылған газ бар құбырсауытқа жалғау жағдайында қолданыстағы ережелерге сәйкес келетін қысым реттегіштерін пайдаланыңыз.

**МАҢЫЗДЫ:** қауіпсіздікті, газдың шығындалуының дұрыс реттелуін және аспаптың ұзақ қызмет ету мерзімін қамтамасыз ету үшін газ қысымының 6 кестеде келтірілген деректерге сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.

### **Қатты жалғау (мыс немесе болат түтік көмегімен)**

Газ көзіне жалғау аспаптың кез келген бөлігінде күш түсетін нүктелерді тудырмайтындай орындалу керек.

Жеткізілім жинағына бұрыштық келтеқосқыш және газбен жабдықтау жүйесіне жалғауға арналған төсеме кіреді. Егер қажетті бағытта бұрап, келтеқосқыш жайғасымын өзгерту талап етілсе, төсеме жерге тұйықталу керек (аспаппен бірге жеткізіледі).

### **Икемді металл торап көмегімен жалғау**

Аспапқа газ жеткізетін байланыстырғыш келте құбыр G 1/2" сыртқы құбырлық цилиндрлік бұрандасына ие болу керек. Тек қолданыстағы стандарттарға сәйкес келетін жеткізілімді және тығыздағыш төсемелерді пайдаланыңыз. Жеткізілімнің максималды ұзындығы 2000 мм аспау керек. Қосылысты орындағаннан кейін икемді металл тораптың ешқандай қозғалатын бөлшектерге жанаспайтындығына және ол қысылуы мүмкін учаскелер бойынша өтпейтіндігіне көз жеткізіңіз.

### **Саңылаусыздықты тексеру**

Құрастыру аяқталғаннан кейін барлық құбырлық қосылыстардың саңылаусыздығын тексеріңіз. Тексеруді сабынды ерітінді көмегімен орындау керек, ешбір жағдайда **осы мақсатта ашық алауды қолданбаңыз!**

### Электр желісіне жалғау


Айыры бар үш тарамды желілік сыммен жабдықталған пісіру панельдері аспаптың төменгі бөлігінде орналасқан техникалық деректер бар тақтайшадағы нұсқауларға сәйкес айнымалы тоқ желісіне жалғауға есептелген. Аспапты электрлік тұмшاپеш үстінде орнатқан жағдайда, пісіру панеліне және тұмшاپешка арналған электрлік қосылыстар қауіпсіздік мақсатында бөлек орындалу керек. Желілік сым оның кез келген нүктесінде температура 70°C аспайтындай орналасу керек.

Жалғау алдында келесілерге көз жеткізіңіз:

- сақтандырғыштың және электр қуатымен жабдықтау жүйесінің аспап үшін талап етілетін жүктемеге төзетіндігіне;
- электр қуатымен жабдықтау жүйесінің заңмен бекітілген нормаларға және ережелерге сәйкес тиімді жерге тұйықтаумен жабдықталғандығына;
- розеткаға немесе ажыратқышқа қол жетімділіктің бар екендігіне.

### Оттық саптама ауыстыру

7 мм есептелген тұқыр кілт көмегімен саптама бұрап алыңыз (10 сур.). Талап етілетін газ түрі үшін жарамды жаңа инжекторды орнатыңыз (жоғарыдағы кестені қараңыз).



10 сур. Оттық саптама

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Пісіру панелін басқа газ түріне қайта жабдықтағаннан кейін аспаптағы техникалық деректер бар тақтайшаны қолданылатын газдың жаңа түріне сәйкес келетін тақтайшамен ауыстырыңыз.

### Минималды алау деңгейін баптау

Басқа газ түріне ауысу үшін талап етілетін әрекеттер 5 кестеде көрсетілген.


5 кесте

Оттық түрі	Алау түрі	Аспапты сұйылтылған газдан табиғи газға қайта жабдықтау	Аспапты табиғи газдан сұйылтылған газға қайта жабдықтау
Барлық оттықтар	Максималды алау	6 кесте нұсқауларына сәйкес оттық саптама ауыстырыңыз.	6 кесте нұсқауларына сәйкес оттық инжекторын ауыстырыңыз.
	Минималды алау	Кіші алау бұрамасын босатып (11 сур.), алауды реттеңіз.	Кіші алау бұрамасын (11 сур.) тірелгенше бұрап бекітіңіз.

### Кіші алау бұрамасын (КАБ) реттеу

Бұраманы реттеу, оттық қосулы болғанда (алау жанып тұр), және сәйкес оттық кранының тұтқасы «Минимум» жайғасымына орнатылған кезде, орындалу керек.

Кран тұтқасын шешіп, жұқа бұрғымен бұрама жайғасымын реттеңіз (11 сур.).




11 сур. КАБ реттеу

Орындалған баптауды келесі жолмен тексеріңіз. «Максимум» кран тұтқасының жайғасымында оттықты 10 минут қыздырыңыз. Алау сөнбеу керек. Егер алау сөнсе, кран бұрамасын қайта реттеңіз.

### Алауды таңдау

Дұрыс бапталған оттықтар алауының түсі ашық-көгілдір болу керек, ал ішкі конус анық көріну керек.



12 сур. Кран тұтқасының жайғасымына байланысты алау көлемі:

а) оттық максималды алау режимінде қосылған; б) оттық минималды алау режимінде қосылған; в) оттық сөндірілген.

Алау көлемі кранның сәйкес тұтқасының жайғасымынан тәуелді (12 сур.). Ас әзірлеудің бастапқы фазасы кезінде, тағамды қайнауға дейін жеткізу үшін оттық максималды алау режимінде қосылу керек. Кейін оттықты қайнау процесін



сақтау үшін минималды алау режиміне ауыстыру керек. Сонымен қатар «Максимум» және «Минимум» тұтқа жайғасымдары арасындағы диапазонда алау көлемін баяу реттеуге болады.

**Алауды «Сөнд» және «Максимум» тұтқа жайғасымдары арасындағы диапазонда реттеуге тыйым салынады.**

Аспап дұрыс бапталған және қолданылған кезде, сонымен қатар сәйкес ыдыстар қолданылған кезде энергияның елеулі үнемделуі орын алуы мүмкін.

- Жарамды ыдыстарды пайдалану кезінде 60% дейін үнемдеу.
- Аспап дұрыс қолданылған кезде және жарамды алау көлемін таңдаған кезде 60% дейін үнемдеу.

Пісіру панелінің тиімді және энергия үнемдейтін жұмысының қажетті шарты оттықтарды (атап айтсақ, инжекторларды және оттықтар саңылаулары) таза күйде сақтау болып табылады.

### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

5. Пісіру панелін орнату алдында аспап баптауларының жергілікті газ тарату желісінің параметрлерімен (газ қысымы) сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.
6. Баптау параметрлері аспапта орналасқан техникалық сипаттамалар тақтайшасында көрсетілген.
7. Осы аспап қолданыстағы құрастыру ережелеріне сәйкес жану өнімдерін бұрып жіберу үшін құрылғыға жалғану керек. Желдетуге қатысты сәйкес талаптарға айрықша назар аудару керек.
8. ЕСКЕРТУ. Ас әзірлеу үшін газдық аспаптың қолданылуы ол орнатылған орынжайда жылудың, ылғалдың және жану өнімдерінің түзілуіне алып келеді. Асудің жақсы желдетілетіндігін қадағалаңыз, әсіресе аспапты пайдалану кезінде: табиғи желдетуді пайдаланыңыз немесе механикалық желдету құрылғысын орнатыңыз.

## Әр түрлі газ түрлеріне бейімдеу

6 кесте

Оттық	Газ түрі	Қысым	Саптама диам.	Номиналды шығын				Төмендетілген шығын	
		кПа	×0,01 мм	г/сағ	л/сағ	кВт	ккал/ сағ	кВт	ккал/ сағ
Кіші алау (А)	Табиғи	2,0	72	—	95	1.0	860	0.40	344
	Сұйылтылған	3,0	52	72.6	—	1.0	860	0.40	344
Орташа алау (SR)	Табиғи	2,0	97	—	171	1.8	1548	0.60	516
	Сұйылтылған	3,0	68	130.8	—	1.8	1548	0.60	516
Үлкен алау (R)	Табиғи	2,0	110	—	228	2.4	2064	0.90	774
	Сұйылтылған	3,0	78	174	—	2.4	2064	0.90	774
Үш алау сақинасымен (WOK)	Табиғи	2,0	125	—	323	3.4	2924	1.50	1290
	Сұйылтылған	3,0	93	247	—	3.4	2924	1.50	1290

## **10 бөлім. Тасымалдау және сақтау**

Плиталарды зауыттық қаптамада, онда көрсетілген манипуляциялық таңбаларға сәйкес, биіктік бойынша бес қабаттан аспайтындай тасымалдап, сақтау керек.

Көлік және қоймалар плиталардың атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданулардан қорғалуын қамтамасыз ету керек.

Плита табиғи желдетілетін орынжайларда -50 °С бастап +40 °С дейінгі ауа температурасында, 75% аспайтын салыстырмалы ылғалдықта, ауада плита материалдарына зиянды әсер тигізетін қышқылды және басқа булар болмаған кезде сақталу керек.

## **11 бөлім. Кәдеге жарату**

Егер Сіз ескі плитаны ауыстырғыңыз келсе, оны мамандандырылған ұйымға тапсыру керек.

Егер плита қоқысқа жөнелтілсе, есте сақтаңыз, балалар қолына түссе, ол жазатайым жағдайға себепші болуы мүмкін. Оны барынша қауіпсіз қылу бойынша қамданыңыз. Қоректену сымын кесіп тастаңыз.

## **Ұлттық стандарттар тізбесі**

МЕСТ Р 50696-2006 Ас әзірлеуге арналған тұрмыстық газдық аспаптар. Жалпы техникалық талаптар және сынақ әдістері

МЕСТ IEC 60335-1-2015 Тұрмыстық және аналогты электрлік аспаптар қауіпсіздігі. 1 бөлім. Жалпы талаптар.

МЕСТ IEC 60335-2-6-2010 Тұрмыстық және аналогты электрлік аспаптар қауіпсіздігі. 2.6 бөлім. Стационарлық асүй плиталарына, тұмшапеш шкафтарына және аналогты аспаптарға арналған жеке талаптар.

МЕСТ 30805.14.1-2013 Техникалық құралдардың электрлік-магниттік үйлесімділігі. Тұрмыстық аспаптар, электрлік құралдар және аналогты құрылғылар. Индустриалдық радиокедергілер. Өлшеу нормалары және әдістері.

Ред. 8 / 09.22

ВГ 00 000-01 РЭ